

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТІЛДІ

**«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ**


Басқарманың

2019 жылғы 20- қыркүйектегі

№ 4 хаттама шешімімен

ЕРЕЖЕ

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ, ҒЫЛЫМИ
ЖҰМЫСҚЕРЛЕР МЕН ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ БОС
ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ТУРАЛЫ**

Коды	Басылым	Құрастырған
Е БҚМУ 04-07	Бесінші	Нуранова Д.Д.  20. 09. 2019 ж.

Ақтөбе, 2019



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
Марат Оспанов атындағы БҚМУ профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу	Е БҚМУ 04-07	7-беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы Еңбек кодексі;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319ІІІ ЗРК Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 189 бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

1.2. Осы Ереже университеттің штаттық кестесінде «бұдан әрі – штаттағы лауазымдар) қарастырылған университеттің профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін анықтайды.

1.3. Бос лауазымдарға орналасу үшін өткізілетін конкурс бос лауазым болған кезде өткізіледі.

1.4. Профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ), ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына декан, орталық жетекшісі, кафедра жетекшісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент жатады.

1.5. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарындағы жұмысқа және конкурсқа мынадай тұлғалар жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімі бар;
- психатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұратын адамдар;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде.

1.6. Бос лауазымдарға орналасу конкурсына педагогикалық және ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, БҚМУ КеАҚ жұмыс жасайтын және жасамайтын, осы қағидамен белгіленген мерзімде тиісті конкурстық құжаттамаларды тапсырған тұлғалар жіберіледі.

- зейнет жасындағы тұлғалар.

➤ өндірістік қажеттілік мақсатында университет клиникаларына уақытша ауыстырылған, өзінің бұрынғы лауазымына қайтып келген кафедралардың ПОҚ (3 айдан аспайтын мерзімде) конкурстан өтпейді.

1.7. Сағаттап ақы төлеу немесе қоса атқару жағдайында жұмыс жасайтын тұлғалар конкурсқа қатыспайды.

2. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

2.1. Университет профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымы болған жағдайда университеттің ресми интернет-сайтында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

2.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) құрылымдық бөлімшенің бос лауазымының атауы;
- 2) университеттің орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген атауы;
- 3) құжаттарды қабылдаудың басталатын және аяқталатын күні;
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарымен анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

3. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 20.09.2019</p>	<p align="center">Басылым: бесінші</p>
	<p>Марат Оспанов атындағы БҚМУ профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-07</p>	<p align="center">7-беттің 3-беті</p>

3.1. Профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі – конкурстық комиссия) дербес құрамы университеттің Баскарма төрағасы – Ректордың бұйрығының негізінде құрылады.

3.2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) конкурсқа қатысу үшін үміткерлерге бос лауазымға бірдей теңдік мүмкіндігін беру;
- 2) конкурсқа қатысушылардың арасында айқындылықты, меритократия қағидаттарын және әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) конкурсты өткізуде әділдік пен айқындылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 4) конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
- 5) конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару;
- 6) меритократия қағидаттарын сақтау болып табылады.

3.3. Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – университет басшысының орынбасары (проректор), Баскарма мүшесі;
- 2) конкурстық комиссияның хатшысы – университеттің штаттық қызметкері;
- 3) құрамында кемінде үш адам бар конкурстық комиссия мүшелері (университеттің штаттық жұмыскерлері арасынан).

3.4. Конкурстық комиссия төрағасы кадрлық қызметтің жетекшісімен бірлесе отырып ПОҚ бос лауазымына орналасу конкурсының өткізілетін уақыты мен орнын белгілейді. Конкурстық комиссия төрағасы конкурстық комиссия отырысының өткізілу кестесін бекітеді.

3.5. Конкурстық комиссия төрағасы болмаған кезде, комиссия тұлғаларын конкурстық комиссия құрамына енгізілмеген тұлғалармен алмастыруға, сондай-ақ дауыс беруге конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3-нен астамы қатысқанда конкурстық комиссияны өткізуге жол берілмейді.

4. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

4.1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген тұлғалар конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш (1-қосымша) жазады. Өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- 3) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- 4) маман сертификатының/клиникалық қызметке рұқсат қағаздың және кафедра пәндерінің (клиникалық кафедралар үшін) бейіні бойынша дәрігерлік санаты туралы сертификатының көшірмесі;

5) ғылыми жұмыстар мен өнер табыстардың тізімі (болған жағдайда). Университет жұмыскерлері үшін ғылыми еңбектердің тізімін ғылыми хатшы куәландырады;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086 нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Марат Оспанов атындағы БҚМУ профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу	Е БҚМУ 04-07	7-беттің 4-беті

8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

10) Конкурса қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне, тілдерді білуіне (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар, сертификаттар, дипломдар және т.б.) қатысты қосымша ақпарат беруге құқылы.

11) университетте жұмыс жасайтын тұлғалар бөлімше жетекшісінің мінездемесін қоса тіркейді.

4.2. Осы Ережеде қарастырылған тізбелерге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну еркін нысанда өтініш қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

4.3. Бөлімше жетекшісінің (деканат, орталық, кафедра) бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалар бөлімшенің стратегиялық дамуы туралы қосымша презентация әзірлеулері қажет.

4.4. Конкурстық комиссия хатшысы конкурса қатысушылардың құжаттарын қабылдайды, ПОҚ лауазымдарына конкурстық орналасу жөніндегі құжаттарды тіркеу журналына (2-қосымша) тіркейді.

5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

1) университеттің профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына орналасу үшін үміткерлердің өтінімдерін қарастыру;

2) үміткерлермен әңгімелесу өткізу;

3) конкурстың қорытындыларын шығару.

5.2. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына орналасу үшін конкурс үміткерлер қызметінің қорытындыларын жинақтау және олардың біліктілік талаптарға сәйкестігінің негізінде өткізіледі.

5.3. Бос лауазымға үміткермен әңгімелесу өткізу кезінде комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді.


5.4. Әңгімелесудің мақсаты бос лауазымға конкурс жариялаған университет бөлімшесінің үлгілік біліктілік сипаттамаларын, бейіннің ерекшеліктерін ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттеріне баға беру болып табылады.

5.5. Бос лауазымға үміткермен әңгімелесуден кейін конкурстық комиссия ол болмаған кезде әр үміткердің тегінің қасындағы тиісті графаға белгі қою арқылы үміткерге өз таңдауын ("келісемін" немесе "келіспеймін") білдіре отырып қорытынды шешім қабылдайды. Әр үміткердің тегінің қасындағы "Келісемін" немесе "келіспеймін" графасының біріне белгі қойылмаған немесе екі графаға да белгі қойылған бюллетень жарамсыз деп танылады (3-қосымша).

5.6. Конкурстық комиссия хатшысы толтырылған бюллетеньдердің негізінде дауыс санын есептейді және конкурс материалдарына қосады.

5.7. Конкурстық комиссия хатшысы әр кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды.

5.8. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып саналады. Конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы Ережені сақтау негізінде қабылданған болса, түбегейлі болып табылады.





«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
Марат Оспанов атындағы БҚМУ профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу	Е БҚМУ 04-07	7-беттің 5-беті

5.9. Конкурстық комиссия қол қоятын бос лауазымға орналасу конкурсының қорытындысы бойынша хаттаманы конкурстық комиссияның хатшысы рәсімдейді.

5.10. Конкурстық комиссияға қатысып отырған мүшелердің 50%-дан астам даусын жинаған үміткер оң қорытындыға ие болады.

5.11. Конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысқан тұлғаларды конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.

5.12. Оң қорытынды алған үміткерлердің жеке іс қағаздары кадрларды есепке алу бөліміне тапсырылады. Конкурстан өтпей қалған үміткерлердің жеке іс қағаздары өтінімдері бойынша конкурс қатысушыларына қайтарылады.

6. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

6.1. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер өздеріне қатысы бар бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен таныса алады.

6.2. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Қосымша 1

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми
жұмыскерлер мен оларға теңестірілген
тұлғаларының бос лауазымдарына орналасу
үшін конкурстық комиссияның төрағасына

Конкурстық комиссия төрағасының Т.А.Ә.

бос лауазымның атауы

үміткердің Т.А.Ә.

тұрғылықты мекенжайы

Тел. _____ жұмыс, үй

Өтініш

Мені «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

(лауазымның атауы, құрылымдық бөлімшенің атауы)

бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«__» _____ 20__ ж.
(күні)

_____ (қолы)

_____ (қолының толық жазылуы)

Н Е БҚМУ 04-07-01-19. Өтініш (бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысу). Бірінші басылым.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Марат Оспанов атындағы БҚМУ профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос лауазымдарына конкурстық орналасу	Е БҚМУ 04-07	7-беттің 6-беті

Қосымша 2

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 НАО «ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА»

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу
ЖУРНАЛЫ

ЖУРНАЛ
 регистрации документов, представленных для участия в конкурсе

№	Тегі, аты - жөні / Ф.И.О.	Жұмыс орны / Место работы	Атқаратын қызметі / занимаемая должность	Бос лауазым / вакантная должность	Тапсырған құжаттары / Принятые документы	Тіркеу күні / Дата регистрации	Қолы / Подпись

Н Е БҚМУ 04-07-02-19. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу журналы. Бірінші басылым.

Қосымша 3

Профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарына конкурстық орналасу жөніндегі дауыс беру БЮЛЛЕТЕНІ

БЮЛЛЕТЕНЬ
 для голосования по конкурсному замещению должностей ППС, научных работников и приравненных к ним лиц
 _____ . 20__ ж

№	Тегі, аты, әкесінің аты / Ф.И.О.	Бос лауазым / вакантная должность	Дауыс беру нәтижесі / Результат голосования		
			Келісемін / согласен	Келіспеймін / не согласен	
1			Келісемін / согласен	Келіспеймін / не согласен	
2			Келісемін / согласен	Келіспеймін / не согласен	

_____ Қолының толық жазылуы /Расшифровка подписи
 қолы / подпись

Н Е БҚМУ 04-07-03-19. Бюллетень (Профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарына конкурстық орналасу жөніндегі дауыс беру). Бірінші басылым.



